

ҚОҒАМ

ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ, ДЕНСАУЛЫҚ!


Қазақстандықтардың өз денсаулығын қалай бағалайтындығы туралы сауалнаманың нәтижелерін ұсынамыз

Жыл сайын 7 сәуірде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) құрылған күніне орай бүкіл әлемде Дүниежүзілік денсаулық күні атап өтіледі. Бұл күн психикалық және тән саулығының маңыздылығын, сондай-ақ оның уақтылы алдын-алу қажеттілігін еске түсіруге мүмкіндік береді.

Бір жылдан астам бұрын коронавирустық пандемия басталды, ол бүкіл әлемге және барлық елдердің азаматтарына әсерін тигізді. Сондықтан, бүгін, еш уақытта болмағандай, әркім, өзі үшін денсаулығының маңыздылығын сезінді.

Қазақстандықтардың пандемияға дейінгі 2019 жылы және содан кейін, коронавирусқа байланысты карантиндік шектеулер орын алған – 2020 жылы өз денсаулығына қатысты не ойлайтыны туралы сауалнама деректерін қарастырып, өзара салыстырамыз.

Зерттеу барысында респонденттердің едәуір бөлігі **денсаулық жағдайына қанағаттанғандықтарын айтты. 2019 жылы сондайлардың үлесі 81,2%-ды құрады. Ал, 2020 жылдың қарашасында өз денсаулығының жағдайына қанағаттанған респонденттердің үлесі** айтарлықтай жоғары болды, бірақ 2019 жылмен салыстырғанда біршама төмендеген – **78,9%**.



1-сурет. Сіз өз денсаулығыңыздың жағдайына қаншалықты қанағаттанасыз? (%-бен)

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент. Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – мамыр 2019 ж. және қараша 2020 ж.